

БЕКІТІЛДІ _____
№12 «Үміт» бөбекжай – бақшасы
меңгерушісі м.у.а. Шанаева Ж.Н



Вариативтік компонент

«Сиқырлы әріптер»

«Балдаурен» МАД тобы



Атырау 2021-2022жж

ПІКІР

Тіл – қоғамдағы адамдардың бір-бірімен пікір алысып, қарым-қатынас жасайтын құралы. Таза мәнерлі тіл – бұл ойлау жемісі. Мемлекеттік тілді оқытуда балабақша қызметінің де еңбегі зор. Бағдарламаның бірінші бағытын іске асыру арқылы Қазақстанның барша азаматтарының мемлекеттік тілді меңгерту жүйесін құру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру көзделеді.

Қазіргі таңда мемлекеттік тілді оқытуда жаңа идеяларды, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану – заман талабы.

Бағдарламада көзделген барлық жасалатын жұмыстар балалардың мемлекеттік тілді дамытудың басымдығына негізделген және рухани-мәдени, тілдік қажеттіліктерін толыққанды қанағаттандыруға бағытталған. Балалардың сөйлеу тілін, мәдениетін, саусақ жаттығуларын жасата отырып жаттату, алған әсерлерімен бөлісіп, жағымсыз әдеттерден аулақ болуға шақыра отырып жан-жақты болуға арналып құрастырылған. Даярлық тобына арнап «Ғажайып қазақ тіліне саяхат» бағдарламасы құрастырылып, түрлі тақырыптағы тіл жаттығулары, саусақ жаттығулары, дидактикалық ойын түрлері жинақталған.

Бағдарлама Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты талаптарына үлгілік оқыту бағдарламасына сай құрастырылған. «Ғажайып қазақ тіліне саяхат» бағдарламасы даярлық тобының адаптивтік бөлімінде аптасына 1 сағат оқу жүктемесіне сай құрылып, «Коммуникация» білім беру саласына кіріктірілген. Барлық сағат саны – 36. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің ұзақтығы 25-30 минут көлемінде берілген. Қолданылатын мерзімі 1 жылға жасалған.

Түсінік хат

Бұл бағдарламаның өзектілігі:

Баланың қызығу жәрдемімен есте сақтау қабілеті дамиды, дарыны ұшталады, өз күшіне мүмкіндігіне сенімі артады, дара тұлғалық сипаттарға ие бола бастайды.

Бағдарламаның негізгі мақсаты мен міндеттері:

Мақсаты:

Ойын қызметі арқылы, балалардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттырып, сөйлеу тілдерін дамыту.

Міндеттері:

- тәрбиешімен кейін қайталау арқылы сөздердің фонетикалық жағын меңгерту.
 - балалардың тыңдау зейінін қалыптастырып, сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру
 - балалардың сөздік қорын молайтып, оны дұрыс қолдана білуге үйрету.
 - балалардың ойын дамыту, дұрыс айту, дұрыс сөйлеу дағдысын қалыптастыру.
- Коммуникация білім беру саласының «Сиқырлы әріптер» бағдарламасын меңгерту барысында мектепалды даярлық тобындағы балалардың жас ерекшелігіне сай, әр бөлімде баланың сөйлеу тілін дамытады.

Күтілетін нәтиже:

- сөйлеу тілін дамыту.
 - тіл жаттығулары, саусақ жаттығуларын меңгерту, есте сақтау қабілеттерін дамыту.
- «Сиқырлы әріптер» бағдарламасы даярлық (5–6 жас) қазақ тобының вариативтік бөлімінде, аптасына бір сағат оқу жүктемесіне сай құрылып, «Коммуникация» білім беру саласына кіріктірілген. Барлығы – 36 сағат, ұйымдастырылған оқу қызыметінің ұзақтығы – 25-30 минут көлемінде беріледі. Қолданылатын мерзімі 1 жылға жасалған.

Тақырыптық жоспар (даярлық топ)

| № | Тақырыбы | ҰОҚ саны |
|----|------------------------------|----------|
| 1 | Балабақша.Мектеп | 1 |
| 2 | Ойыншықтар әлемі | 1 |
| 3 | Әнші төлдер | 1 |
| 4 | Үй құстары | 1 |
| 5 | Сиқырлы сандық | 1 |
| 6 | Сөз құрайық | 1 |
| 7 | Затты сипатта | 1 |
| 8 | Сөздер сөйлейді | 1 |
| 9 | Жаңылтпашты жаңылмай айтамыз | 1 |
| 10 | Көңілді шарлар | 1 |
| 11 | Ертегілер елінде | 1 |
| 12 | Шатыспақ | 1 |
| 13 | Буынға әріп қос | 1 |
| 14 | Сөз ойла,тез ойла | 1 |
| 15 | Кім тапқыр | 1 |
| 16 | Әріптер әлемі | 1 |
| 17 | Қарама-қарсы сөздер | 1 |
| 18 | Сиқырлы әріптер | 1 |
| 19 | Бұл қай кезде болады? | 1 |
| 20 | Дыбыстар сыры | 1 |
| 21 | Менің орным қайда? | 1 |
| 22 | Жаңылтпаш жаттау | 1 |

| | | |
|----|-------------------------------------|---|
| 23 | Әріптерден сөз құра | 1 |
| 24 | Жұмбақ шеше білеміз бе? | 1 |
| 25 | Жануарлар | 1 |
| 26 | Кім тапқыр | 1 |
| 27 | Сандар арқылы сөздерді табу | 1 |
| 28 | Сөз жұмбақ шешу | 1 |
| 29 | Моншақтардан сөз құрау | 1 |
| 30 | Кім тапқыр | 1 |
| 31 | Буынға буын қос | 1 |
| 32 | Жер,су,ауа ойыны | 1 |
| 33 | Тіл жаттығуы «Мамандық» | 1 |
| 34 | Саусақ жаттығуы «Достық» | 1 |
| 35 | Жылы сөздер іздейміз | 1 |
| 36 | Саусақ жаттығуы «Торғайдың ұясы» | 1 |

Барлығы: 36 сағ

«Сықырлы әріптер» бағдарламасының жоспары

«Балдаурен» Мектепалды даярлық тобы

| № | Тақырыбы | Сағат саны | Мақсаты | Көрнекілігі |
|---|-------------------|------------|--|---|
| 1 | Балабақша.Мектеп. | 1 | Сурет бойынша сұрақтарға жауап беруді және сол арқылы әңгіме құрастыруды үйрету. Сөз, дыбыс туралы түсінік беру. Ойын, ұйымдастырылған оқу-қызметі барысында кішіпейіл болуға тәрбиелеу. | Кеспе әріптер қалтасы, текшелер салынған сандық, текшелер |
| 2 | Ойыншықтар әлемі | 1 | Сүйікті ойыншықтарын әңгімелеу арқылы суреттегі ойыншықтардың бірінші А дыбысы екенін меңгерту. Ойыншықтардағы А дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасау. А әрпін жаздыруға саусақ қимылдарын дамыту. Бірлесіп ойнауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | Слайд көрсету, тақырыпқа байланысты суреттер |
| 3 | Әнші төлдер | 1 | Балаларға суретке қарап төлдердің атын ататып, қандай дыбыс шығаратынын "Әнші төлдер" өлеңі арқылы меңгерту. | Төлдер суреттері, Кеспе әріптер |
| 4 | Үй құстары | 1 | Үй құстары туралы түсінік беру. Атауларын буынға бөліп, дыбыстық талдау жасату. Т әрпін жаздыру, сурет бойынша сөйлем құрату. Мейірімділікке тәрбиелеу. | Үй құстары суреттері, кеспе әріптер |
| 5 | Сықырлы сандық | 1 | Дыбыстарды анық, асықпай, дұрыс айта білуге үйрету. Сөздерде дыбыстың дұрыс айтылуына назар аудара отырып, сықырлы сандық ішіндегі заттарға сөйлем құрауға дағдыландыру. Баланың қызығушылығын, белсенділікке тәрбиелеу. | Үлестірмелі материалдар, карточкалар |
| 6 | Сөз құрайық | 1 | Басталған буынға буын қосып, сөз құрастырып айта білуге үйрету, буындарды жаздыру, талдау жасату. Зейінділікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. | Буындар, кеспе әріптер |

| | | | | |
|----|-------------------------------------|---|--|---|
| 7 | Затты сипатта | 1 | Қоршаған орта туралы білімдерін кеңейту. Заттардың атын буынға бөліп дыбыстық талдау жасауды жетілдіру. Танып, білуге деген қызығушылығын арттыру. | Суреттер топтамасы |
| 8 | Сөздер сөйлейді | 1 | "Тез ойла, көп ойла" ойынын ойнату арқылы сөздерге дыбыстық талдау жасату. Сөздік қорлырын дамыту. Сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеу. | Кеспе әріптер, слайдтан көрсету |
| 9 | Жаңылтпашты жаңылмай айтамыз | 1 | Жаңылтпаштар айту арқылы дыбыстардың дұрыс айтылуын қалыптастыру. Сурет бойынша әңгімелету арқылы жаңылтпаш құрастырып, көп кездесетін әріптерді жаздыртуда зйінін дамыту. Шығармашылыққа тәрбиелеу. | Жаңылтпаштар топтамасы |
| 10 | Көңілді шарлар | 1 | Әртүрлі шарларды көрсету арқылы Ш дыбысын тауып алу. Әр шар ішіндегі тапсырмаларды орындау арқылы Ш дыбысы бар сөздердің басында, ортасында, соңында келетінін меңгерту. Ш әрпін жазуды үйрету. Қол икемділігін дамыту. Балалардың білімге деген құштарлығын арттыру. | Түрлі-түсті шарлар ішіндегі тапсырмалар |
| 11 | Ертегілер елінде | 1 | Балаларға ертегілерді есіне түсіре отырып толық әңгімелей білуді жалғастыру. Білімге деген құштарлығын арттыру. Достыққа адалдыққа тәрбиелеу. | Үлестірмелі материалдар, карточкалар |
| 12 | Шатыспақ | 1 | Өтілген дыбыстарды қайталап, пысықтау. Әріптер қалтасына әріптер ретсіз салынады. Мысалы: СОНА (С, О, Н, А), АЛМА (А, Л, М, А) және сол сияқты шатасқан әріптерді ретімен қойғанда шыққан «СОНА» сөзін буынға бөлгізіп, онда екі буын бар екенін, төрт дыбыстан тұратынын, оның екеуі (о, а) дауысты, (с, н) дауыссыз екенін балалардың сұрап біліп, әр сөзге жеке-жеке дыбыстың буындық талдау жасау. | Әріптер салынған қалташалар |

| | | | | |
|----|--------------------|---|--|---|
| 13 | Буынға әріп қос | 1 | Берілген буынға әріп қосаотырыпжаңа сөз ойлап табу.Сөздік қорын молайту, олардың алған білімін бекіту.Балалардың сауат ашуға деген қызығушылығын қалыптастыру.схема, суреттер. | Буындар,кеспе әріптер |
| 14 | Сөз ойла, тез ойла | 1 | Берілген дыбысқа сөз ойлап, сөздегі дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырата білу. Сөздік жұмыс жүргізу арқылы баланың сөздік қорын молайту. Ойын кеспе әріптер қалтасы, текшелер салынған сандық, текшелер арқылы балаларды тапқырлыққа баулу. Сандыққа бірнеше текше салып қояды. Бала өз қолымен біреуін алып сол дыбыстан басталатын заттарды айту. | Кеспе әріптер қалтасы,текшелер салынған сандық,текшелер |
| 15 | Кім тапқыр? | 1 | Берілген дыбыстың орныны таба білуге машықтандыру. Ойын барысында балалары зейінді болуға дағдыландыру. Түстерді тез айырып, жылдамдыққа, тапқырлыққа баулу. Достық қарым қатынасты тәрбиелеу.Тәрбиеші берілген дыбыстың сөздің басында, ортасында, соңында келетіндігін айтады. Балалар зейін қойып тыңдап, егер өтілген дыбыс сөздің басында болса, көк жалаушаны, соңында болса, қызыл түсті жалаушаны жоғары көтереді. | берілген дыбысқа арналып салынған түрлі-түсті суреттер, ойыншықтар, жалаулар |
| 16 | Әріптер әлемі | 1 | Балаларды үйренген әріптерді қайталап дұрыс айта білуге дағдыландыру. Үлкен әріптен кіші әріпті айыра білуге үйрету.Тәрбиеші әріптер жазылған карточкаларды, кубиктерді, плакаттарды, компьютерді көрсете отырып түсіндіреді. Егер бас әріп көрсетілген болса, балалар соның кішісін көрсетуі тиіс. Ал кішісікөрсетілсе, оның бас әрпінтауыпкөрсетеді. | бас әріптер, кіші әріптер жазылған карточкалар, кубиктер, әріптер қалтасы, магнитті тақта, компьютер. |

| | | | | |
|----|------------------------------|---|--|---|
| 17 | Қарама-қарсы сөздер | 1 | Антоним сөздерді салыстыру жолымен балалардың ой-өрісін кеңейту, ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын қарама-қарсы сөздермен молайту, зейінділігін арттыру. Шеңбер бойымен тұрған балаларға кезекпен допты лақтырып антоним сөздерінің бірін айтады, ал допты ұстап алған бала тәрбиешіге кері лақтырып, айтылған сөзге қарама-қарсы сөзді айту керек. | доп, карточкалар |
| 18 | Сиқырлы әріптер. | 1 | Балаларға дыбыстау арқылы әріптерді айтқыза отырып, әріптер сырын ұғындыру. Балалардың ойлау ой-өрісін, тілін есте сақтау қабілеттерін дамыту. Балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу | Кеспе әріптер қалтасы, текшелер салынған сандық, текшелер |
| 19 | Бұл қай кезде болады? | 1 | Төрт мезгілді көрсету арқылы өлеңді үйретіп, жыл мезгілдеріне дыбыстық талдау жасату. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету. Түсіп қалған әріптерді табу арқылы жаздыру, оқыту. | Жыл мезгілдерінің суреттері |
| 20 | Дыбыстар сыры | 1 | Балаларға дыбыстау арқылы әріптерді айтқыза отырып, әріптер сырын ұғындыру. Балалардың ойлау ой-өрісін, тілін есте сақтау қабілеттерін дамыту. А...ма. Ап...а. Та...а. Н...н. -Л дауысты ма әлде дауыссыз ба? Неге? | Әріптер салынған қалташалар |
| 21 | Менің орным қайда? | 1 | Тапсырма беру арқылы дыбыстық талдау жасауға үйрету. Мысалы: лақ сөзінде л дыбысы сөздің басында келеді ал, бал сөзінде сөздің аяғында, балапан сөзінде сөздің ортасында келеді. | Кеспе әріптер |
| 22 | Жаңылтпаш жаттау | 1 | -Балалардың тілін жаттықтыру, дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету. «л»-дыбысына жаңылтпаш айтайық (барлық баламен) «-Ләйлік лайға лайланды, Лайланған ләйлік, лайда отырып жайланды.» | Слайд көрсету, жаңылтпаш |

| | | | | |
|----|------------------------------------|---|---|---|
| | | | (Сыбырлап, орта дауыспен, қатты дауыспен айтқызу) | |
| 23 | Әріптерден сөз құра | 1 | Балаларға кеспе әріптерден сөз құрату. Құраған сөздерін оқи білуге үйрету. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Ой-қиялын дамыту. | Әріптер |
| 24 | Жұмбақ шеше білеміз бе? | 1 | Балаларға әр түрлі жұмбақтарды жасыра отырып, тапқырлыққа, іздепаздыққа тәрбиелеу. Ой-қиялын дамыту, зейінділікке баулу. | Жұмбақтар жинағы |
| 25 | Жануарлар | 1 | Үй жануарлары мен дала жануарлары туралы білімдерін кеңейту. Жануарлар атауларына буынға бөлу, дауысты, дауссыз дыбыстарды ажыратуға дағдыландыру. Ж әрпін жаздыруға қолын жаттықтыру. Мейірімділікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | Жануарлар суреті, кеспе әріптер |
| 26 | Кім тапқыр | 1 | Берілген дыбыстың орнын таба білуге үйрету. Ойын барысында зейінін дамыту. С дыбысына байланысты сөздерді тауып, дыбыстық талдау жасату, С әрпін жаздыруға машықтандыру. Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. | Кеспе әріптер, слайд көрсету |
| 27 | Сандар арқылы сөздерді табу | 1 | Балалардың танымдық қасиетін жетілдіру арқылы сөздерді тауып, сөздерге дыбыстық талдау жасату. Буынға бөліп әріптерін жаздырту. Білімге деген құштарлығын арттыру. | Сандар, кеспе әріптер |
| 28 | Сөзжұмбақ шешу. | 1 | Балаларға Б әрпінен басталатын сөздерді жазып, сөзжұмбақты шештіруді меңгерту. Сөздерді буынға бөліп, дыбыстық талдау жасау. | Сөзжұмбақ, кеспе әріптер, слайд көрсету |

| | | | | |
|----|--------------------------|---|---|--|
| 29 | Моншақтардан сөз құрау | 1 | Балаларға әріп жазылған әртүрлі моншақтарды көрсету арқылы сөздер құрату. Сөздерден сөйлем құрап, сурет бойынша әңгімелету. Ю әріпін жаздырып, дағдыландыру. Әдемілікке, әсемдікке тәрбиелеу. | Моншақтар, кеспе әріптер |
| 30 | Кім тапқыр? | 1 | Дыбыстарды айта отырып балаларға сөз құрату, сөзден сөйлем құрауға үйретуді жалғастыру. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге дағдыландыру. Өз ойын еркін айта білуге, дыбыстарды дұрыс айтуға, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Белсенділікке шапшаңдыққа тәрбиелеу. | Кеспе әріптер, слайд көрсету |
| 31 | Буынға буын қос | 1 | Басталған буынға буын қосып, сөз құрастырып айта білуге үйрету, буындарды жаздыру, талдау жасату. Зейінділікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. | Буындар, кеспе әріптер |
| 32 | "Жер, су, ауа" ойыны | 1 | Балаларға қазақ тіліндегі 42 әріпті меңгергені, дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырату мақсатында, "Жер, су, ауа" ойыны ойнату арқылы тексеру. Әр балаға тор көздерге аты аталған әріптерді жаздырып, сөз құрату. Есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту. Білімге, ойынға деген қызығушылығын арттыру. | Слайд көрсету, әріптер салынған қалташалар |
| 33 | Тіл жаттығуы «Мамандық» | 1 | Балалардың сөйлеу тілін жетілдіру, сөздігін байыту, жалпы ой-өрісін дамыту, байқағыштыққа тәрбиелеу. | Слайд көрсету, суретпен жұмыс |
| 34 | Саусақ жаттығуы «Достық» | 1 | Балалардың есту, тез ойлау қабілеттерін дамыту. Қол саусақ күрделі үйлесімді қимылдарын дамыту. | Слайд көрсету, Суретпен жұмыс |

| | | | | |
|-------------------------|-------------------------------------|---|---|--|
| 35 | «Жылы сөздер іздейміз» | 1 | Балаларға жылы сөздер айтуды үйрету.(кешіріңіз, рахмет) достық қарым-қатынасқа, адалдыққа, дұрыс сөйлей білуге үйрету.Тыйым сөздер туралы түсінік беру. | Слайд көрсету, Тыйым сөздер жинағы |
| 36 | Саусақ жаттығуы «Торғайдың ұясы» | 1 | Балалардың есту, тез ойлау қабілеттерін дамыту. Қол саусақ күрделі үйлесімді қимылдарын дамыту.Құстарды ажырата білуге үйрету.Құстарға қамқорлық жасауға баулу. | Слайд көрсету, Жыл құстар суреттері. |
| Барлығы 36 сағат | | | | |

Пайдаланған әдебиеттер

Негізгі: Нұржанова Ж. Қазақ тілін тиімді оқыту жолдары. - Алматы. 2001

Қосымша:

1. Ш.К.Бектұров. Қазақ тілі. Лексика. Фонетика. Морфология. Синтаксис. Алматы: «Атамұра», 2005;
2. Б.Құлмағамбетова, А.Исанова, М.Көккөзова. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы: «Білім», 2000;
3. З.Күзекова. Қазақ тілі. Алматы: «Раритет», 2005;
4. А.Салқынбай. Қазіргі қазақ тілі. Алматы: «Қазақ университет», 2008;
5. М.Б.Көккөзова, Р.Т.Наралиева, Г.М.Мужигова. Қазақ тілі. Алматы: ADEKEVIP, 2011;
6. А.Тымболова. Кәсиби экономика тілі. Алматы: «Қазақ университеті», 2009;
7. Т.Қоңыров. Тұрақты теңеулер сөздігі. Алматы: «Арыс», 2007;
8. Б.Б.Жахина. Тіл дамытуға арналған жаттығулар. Алматы: «Білім», 2002;
9. М.Б.Көккөзова, Р.Т.Наралиева, М.Ж.Әмірова. Қазақ тілі: оқиық, үйренейік, тілдесейік. Алматы: «Қазақ университеті», 2015;
10. Г.А. Тастемірова, Н.Т. Меңлібаева, Н.Қ.Мәтбек. Қазақша-орысша-тілашар. Алматы: «Қазақ университеті», 2014;
11. Қ. Шалбаева. Тіл құрал. Халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласы құжаттарының үлгілері, 6. Алматы қаласы әкімдігі «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы, 2009.
12. Ж.А. Жанаева. Кішкентай тілмаш. Үштұғырлы тіл дамыту. Әдістемелік құрал. АЛМАТЫ КІТАП 2014;
13. Мектепке жасына дейінгі балаларға арналған ойындар мен жаттығулар (әдістемелік құрал. «Дарын» Астана-2014)
14. «Отбасы және балабақша» 2002
15. Қазақ тілін оқыту арналған типтік бағдарлама (Қазақ тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде оқыту әдістемесі негізінде). Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2012.